

БАСПАХАНАДАҒЫ МҰРАЖАЙ

Иә, бұл баспахана еліміздегі ең байырғы баспа орындарының бірінен саналады. Семейдің еліміздің ежелден рухани-мәдени орталығына айналуына осы баспахананың да өзіндік үлесі бар, өйткені мұнда ұлт зиялыларының еңбектері басылған, қазақ тіліндегі алғашқы басылымдар жарық көрген.

Бүгінде аталмыш баспаханада кітап шығару ісі заңды жалғасын табуда. Қазір жалпы мұнда баспа ісінің жүзден астам өнімі шығарылуда. Баспахананың өз дүкені бар. Осы баспахананың 150 жылдық мерейтойына орай мұражай ашылды, әзірге елімізде баспа саласында мұндай мұражай жоқ.